

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Стандартты операциялық рәсім	Редакциясы: 1 2 беттің 1 беті

Бекітілген
Академиялық кеңес
отырысында
№ 3 хаттама
«26» қарашада 2025

СОР атауы: Дәлелді себептермен өткізіп алған сабақтардың оқыту нәтижелерін игеру бойынша рәсімдер тәртібі.

Терминдер мен анықтамалар:

Білім алушы – бакалавр, интерн, резидент, магистрант, докторант
СҚКО – студенттерге қызмет көрсету орталығы
Деканат – университеттегі факультеттің ұйымдастырушылық орталығы, декан басқарады

Растайтын құжат – студенттің ауырғандығы туралы растайтын анықтама, жақын туысының (ана, әке) қайтыс болғаны туралы анықтама, некеге тұру туралы куәлік, деканаттың өкімі

HSS (Hero Study Space) – ЖОО-ның бағдарламалық қамтамасыз ету жүйесі
Қатыспады сабаққа келмеу

ДС (дәлелді себеп) – студенттің ауырғандығы туралы растайтын анықтама, жақын туысының (ана, әке) қайтыс болғаны туралы анықтама, некеге тұру туралы куәлік, деканаттың өкімі

Нормативтік сілтемелер:

1. «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңы;
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары;
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген білім алушылардың ағымдағы үлгерімін бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидалары;
4. «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ Академиялық саясаты №24, 03.11.2023 ж.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Академиялық жұмыс департаменті	Стандартты операциялық рәсім	Редакциясы: 1 2 беттің 2 беті

Мақсаты:

Осы SOP дәлелді себептермен өткізіп алған сабақтардың оқу нәтижелерін меңгеру тәртібін реттейді.

Рәсім:

1. Дәлелді себептермен өткізіп алған сабақтардың материалын меңгеру мектеп деканаты арқылы жүзеге асырылады. Пән бойынша материалды меңгеру мерзімі дәлелді себеп (ДС) ашылған күннен бастап, деканатта берілген сәттен бастап 1 ай ішінде, бірақ семестр аяқталғанға дейін жарамды.
2. Өткізіп алған сабақтардың материалын меңгеру кафедрамен келісу арқылы жеке тәртіпте (1 адам) немесе топпен (2–8 адам) жүзеге асырылады.

№	Кім	Не	Қашан	Кімге	Құжат
1	Білім алушы	СҚКО -на өтініш беру/деканат	Растайтын құжат расталған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде	СҚКО /деканат	Растайтын құжат
2	СҚКО /деканат	АЖС платформасында тіркелу	Өтініш түскен сәттен бастап	Кафедра (ПОҚ)	«Қатыспады» деген белгісін ДС бойынша өзгерту
3	Кафедра (ПОҚ)	Белгіленген мерзімде өтінімді/материалды меңгеруді қабылдау	Бағанға ДС бойынша баға қою	Білім алушы	Жеке журналда қадағалау